Ақ Үй

Баспасөз қызметі

Патриот күні және Ұлттық қызмет ету және еске алу күні, 2009

АҚШ Президентінің Декларациясы

Дүниежүзілік сауда үйінің егіз мұнарасының балқыған болат қирандылары арқылы, Пентагонның қақыраған қабырғалары арқылы, оңтүстік-батыс Пенсильваниядағы түтінге оранған дала арқылы 2001 жылдың 11 қыркүйегінде Америка халқының отансүйгіштігі мен өмірге деген құштарлығы тезден өтіп, қайта түледі. Біз ортақ адами құндылықтар мен ортақ қасірет біріктірген ұлт ретінде қасқайып тұра алдық. Біз қаза болғандарды аза тұтып, бізді, америкалықтарды тұтастырғандарды еске алдық.

Бүгін біз осыдан сегіз жыл бұрын қыршынынан қиылғандарға тағзым етеміз. Жаймашуақ күздің күнінде еш кінәсі жоқ ерлер мен әйелдер және балалар ұшаққа отырып, әдеттегідей өз шаруаларымен жолға шыққан. Алапат террорлық актілер біздің еліміз бен шетелдердегі мыңдаған адамға қасірет пен қирау, жан жарасы мен жақынының қазасын алып келді.

Жақындарымыз бен достарымызға, отандастарымыз бен өмірі қиылған барша жандарға тағзым ете отырып біз терактілерден соң Американы жұмылдырған идеялар мен идеалдарға адал екендігімізді тағы бір рет дәлелдедік. Құрбандардың ризалығы үшін бұл опасыз қылмысты жүзеге асырғандардың жазасын беріп, әділдікке қол жеткізуіміз керек және біздің ұлттық қауіпсіздігімізге төнген кез келген қатерге қарсы тұра білуіміз қажет. Сонымен қатар біз тұғырлы принциптерімізге адал екендігімізді және бір мәрте дәлелдеуіміз керек. 11 қыркүйек оқиғасы әрқайсымыздың тағдырымыз бүкіл ұлттың тағдырымен тікелей байланысты екенін есімізге салды. Мемлекетіміздің іргетасын қалауға негіз болған құндылықтар – теңдік, әділдік, еркіндік және демократия принциптеріне адал болсақ қана біздің демократиямыздың іргесі беки береді. Біз бүгін еске алып отырған патриотизм мен ұлт үшін құрбандық – осы құндылықтардың үлгісі бола алды.

Осы патриотизм рухын үлгі ете отырып, барлық америкалықтарды өзіміз жоғалтқан жандарды, біз қиналғанда көмекке келген батырларды, және осы күні елдің іші мен сыртынды үстілеріне әскери киім киіп отанымызды қорғап жүрген ерлер мен әйелдерді еске алуға шақырамын. Сәуір айында мен Эдвард Кеннеди ұсынған Америкаға қызмет ету туралы заңға мақтанышпен қол қойдым, бұл заң бойынша 11 қыркүйек Ұлттық қызмет ету және еске алу күні болып жарияланды. Сол күні жақындарынан айырылған жандардың бастамасымен жарияланған бұл күн – 11 қыркүйек батырларына тағзым етуге, осы теракт болғалы халқымызға шабыт беріп келе жатқан бірлік пен өзара түсіністік рухын қайта жаңғыртуға және бұдан да зор құлшыныспен елге қалтқысыз қызмет етуге мүмкіндік беретін күн.

Бүкіл жаз бойы жастары мен дәрежелері әркелкі адамдар жұмылып, «Қызмет етудегі бірлік» бағдарламасы аясында өз қоғамдары ішінде бір-біріне көмек қолын созуға күш салды. Жазғы бағдарлама аяқталып қалғандықтан, біз барша жұртты қызмет ету шараларына ат салысуға, бұл жобаларды жыл соңына дейін қолдауға шақырамыз. Жұмылып жұдырық бола отырып біз өзара көмек пен қызмет ету бүкіл америкалықтар үшін жаңа өмір сүру образына айналатын жаңа дәуірге қадам басамыз.

Қасіреттің арқасында жігерлене отырып біз кейінгі ұрпақтарымыз Американың жетістіктеріне қуанатындай ұлтымыздың тарихының жаңа бетін ашатын боламыз.

АҚШ Конгресінің 2001 жылғы 18 желтоқсандағы бірлескен шешімімен (АҚШ-тың Жалпыға бірдей заңының 107-89 актісі) 11 қыркүйек Патриот күні болып жарияланса, 2009 жылғы 29 сәуірде қабылданған АҚШ-тың 111-13 Жалпыға ортақ заңы бұл күнді Ұлттық қызмет ету және еске алу күні етіп жариялауды сұрайды.

ОСЫҒАН ОРАЙ, МЕН, АМЕРИКА ҚҰРАМА ШТАТТАРЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ БАРАК ОБАМА 2009 жылдың 11 қыркүйегін Патриот күні және Қызмет ету және еске алу күні деп жариялаймын. Америка Құрама Штаттарының барлық департаменттері мен ведомстволарын, мемлекеттік мекемелерін Патриот күні және Ұлттық қызмет ету және еске алу күнінде 2001 жылғы 11 қыркүйекте Америка Құрама Штаттарына қарсы жасалған террорлық актілер кезінде қаза тапқандарды еске алу үшін АҚШ-тың жалауын төмен түсіріп қоюға шақырамын. Америка Құрама Штаттары губернаторларын және Пуэрто-Рико Достастығын, сондай-ақ ниет танытқан барлық ұйымдар мен адамдарды осы рәсімге қатысуға шақырамын. Америка халқын осы күні біз жоғалтқан ерлерді еске алу мақсатындағы қоғамдық шараға қатысуға, бұл күнді түрлі рәсімдер мен кештер ұйымдастыру арқылы атап өтуге және жергілікті уақыт бойынша таңғы 8 сағат 46 минутта 2001 жылдың 11 қыркүйегіндегі теракт кезінде мерт болған жазықсыз боздақтарды бір минут үнсіздікпен еске алуға шақырамын.

ЖОҒАРЫДА АЙТЫЛҒАНДАРДЫ ҚУАТТАЙ ОТЫРЫП, мен Христос туылғаннан бергі екі мың тоғызыншы жылдың оныншы қыркүйегінде, Америка Құрама Штаттары Тәуелсіздігінің екі жүз отыз төртінші жылында өз қолымды қойдым.

БАРАК ОБАМА